

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БІЛІМ
САЛАСЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ
ТАМЫЗ КЕҢЕСІ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
АВГУСТОВСКОЕ СОВЕЩАНИЕ
РАБОТНИКОВ ОБРАЗОВАНИЯ

**ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН:
САПАЛЫ БІЛІМ, АДАЛ ҰРПАҚ,
ТАБЫСТЫ ҰЛТ**

**Дене шынықтыру саласындағы мониторингтік зерттеулер
туралы**

Баяндамашы: Мамырханова
Аймен Молдағалиевна

Өскемен қаласы, 2023

МОНИТОРИНГ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Бұл - білім беру үдерісін қамтамасыз етуге арналған ақпаратты жинау, өңдеу, сақтау және тарату.

Мониторингтегі деректер бақылау объектісінің кез келген уақыттағы жағдайы туралы негізделген пікірлерді талқылау мен оның дамуын болжауға мүмкіндік береді.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФИЗИКАЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫНЫҢ АХУАЛЫ

ҚР ДСМ деректері бойынша 5-11 сынып оқушыларының 88%-да ағзаның дамуында бірден үшке дейін пайда болған ауытқушылықтары бар. 70% бала гиподинамияның салдарымен күресуде, 30-40% - артық салмағы бар. 67% жасөспірім мен 37% қыздарда зиянды әрекеттермен (темекі шегу, есірткі, вейп, ішімдік және т.б.) әуестенудің жағымсыз өсімі байқалады.

| <u>Ауру түрлері</u> | Денсаулығында ауытқулары бар үлес салмағы | | |
|--------------------------|---|--------------|----------------|
| | 1-4 сыныптар | 5-9 сыныптар | 10-11 сыныптар |
| Сколиоз | 16,5% | 37,9% | 45,2% |
| Көз аурулары | 22,3% | 46,2% | 31,5% |
| Жүйке жүйесінің аурулары | 15,5% | 43,7% | 40,8% |

КЕШЕНДІ МОНИТОРИНГ

Оқушылардың физикалық жағдайын бағалаудың кешенді мониторингі дене тәрбиесі даярлығы мен функционалдық даярлықты, физикалық дамуды бақылауды қамтиды.

Физикалық даму – бұл дененің өлшемдерінің, оның шамасының, дене сымбатының, бұлшық ет күші мен жұмыс қабілетінің қарқынды үдерісі.

Дене тәрбиесі даярлығы — бұл адамның физикалық жаттығулармен айналысу барысында алатын физикалық қасиеттері.

Функционалдық даярлықты ағзаның өмір сүруін қамтамасыз ететін негізгі жүйелердің жағдайы мен олардың жұмыс қабілеті сипаттайды. Зерттеуде қиындық тудыратын ақпараттық өлшемдерге жүректің жиырылу жиілігі, артериалдық қан қысымы, тыныс алудың жиілігі, тыныс алудың тежелуін айтуға болады.

МОНИТОРИНГ НЕ ҮШІН ҚАЗЖЕТ?

- тестілеу нәтижелері бойынша оқушылардың физикалық дамуының, дене тәрбиесі және функционалдық даярлығы көрсеткіштерінің қарқынын байқап көру;
- оқушылардың денсаулығын, физикалық дамуын, дене тәрбиесі даярлығын, көрсеткіштердің талдамасын барынша нақты бағалау және оқушылардың даму үдерісіне, оны жақсарту немесе алдын алу үшін ертерек араласу;
- Мектептегі ортада жағымсыз әрекеттердің алдын алу жолдарын айқындау;
- Білім беру жүйесін басқару, соның ішінде дене шынықтыру пәні бойынша білім беру үдерісін ұйымдастыру жөнінде ғылыми негізделген шешімдер қабылдау.